

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**ҮЙДЕ БАЛАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ БОЙЫНША
АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДНАМА**

Астана 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Үйде баламен қарым-қатынас жасау бойынша ата-аналарға арналған жаднама. – Астана, 2025. – 11 бет.

Аталған жаднама «Беске дейін үлгер» халықаралық бағдарламасы негізінде әзірленді және мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына арналған.

Жаднама ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 27 мамырдағы № 6 хаттама).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қарым-қатынастың психиканы қалыптастыруда, адамның тұлға ретінде дамуы мен қалыптасуы үшін маңызы зор. Егер бала туғаннан бастап адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігінен айырылса, ол ешқашан мәдениетті және адамгершілік тұрғыдан дамыған азамат болмас еді. Баланың психикалық дамуы үшін онтогенездің ерте кезеңдерінде оның ересектермен қарым-қатынасы ерекше маңызды. Қарым - қатынаста алдымен бала тікелей еліктеу, содан кейін ауызша нұсқаулар арқылы негізгі өмірлік тәжірибені меңгереді.

Бала өзі араласатын адамдарына тәжірибені тасымалдаушы болып табылады. Қарым – қатынас саласы – баланың психикалық жағдайын және денсаулығын анықтайтын қуатты дереккөз. Баланың жағымды мінез-құлқын, сөйлеуін, қарым-қатынасын дамыту үшін ең алдымен, ата-аналар мен ересектер балаларға үлгі болуы қажет.

Бала әлемге өзі, басқа адамдармен қалай қарым – қатынас жасау керек екені және қоршаған әлем туралы ешбір түсініксіз келеді. Ол айналасындағы адамдардың тәжірибесіне, олардың берген бағаларына және жеке тұлға ретінде назар аударуға мәжбүр. Алғашқы 5-6 жыл ішінде ол өзін-өзі бағалауды ересектер мен құрдастарынан алатын ақпарат негізінде қалыптастырады.

Өзін-өзі бағалауы төмен бала барлық сәттіліктеріне қарамастан, үнемі өзіне күмәнданып жүреді. Ол үшін барлық алдыңғы жетістіктерді жою үшін бір ғана қателік жеткілікті. Мысалы, үш жасар бала анасына гүл шоғын ұсынады, ал анасы: «сен оларды қайдан алдың?» деп сұрайды, бірақ анасы күлімсіреп, көтеріңкі дауыспен: «сен қандай керемет гүлдер әкелдің? Мұндай сүйкімді гүлдер қайда өседі екен?» деп айтатын болса, анасының осылай көңіл бөлуі баланың өзін-өзі бағалауын арттырады. Бұл жақсы отбасындағы атмосфера. Мұндай отбасында балалар өздерінің қажет екенін және өзін жақсы көретінін сезінеді, дені сау және ақылды болып өседі.

Қарым-қатынас құралдары арқылы ерте балалық шақтан бастап баланың бойына болашақ адами тұлғаның негіздерін дарыта отырып, оның қоршаған әлемге деген адамгершілік тұрғыдан көзқарасын қалыптастыра аламыз.

Жас бала үшін қолайлы даму ортасын құрудың қазіргі заманғы тәсілдерінің бірі аустралиялық Minderoo қорымен бірлесіп іске асыратын «Беске дейін үлгер» халықаралық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) болып табылады. Бағдарлама балалардың негізгі қарым-қатынас дағдыларын, эмоционалды тұрақтылық пен өзіне деген сенімділікті қалыптастыруда ата-аналар мен мұғалімдерді қолдауға бағытталған. «Беске дейін үлгер» баланың жақын ересектермен ерте қарым-қатынасының маңыздылығын атап көрсетеді, сүйіспеншілікті нығайтуға, өзін-өзі реттеуді және өзін-өзі оң бағалауды дамытуға ықпал етеді. Бағдарлама күнделікті қарым-қатынас, ойын және бірлескен іс-әрекеттің көмегімен өмірдің алғашқы жылдарынан бастап тұлғаның сәтті дамуының негізін қалау сияқты практикалық ұсыныстарды ұсынады.

Үйде баламен қарым-қатынас жасау бойынша ата-аналарға арналған жаднама

1. Жағымды эмоциялар көрсетіңіз — балаңызға жақсы көретініңізді білдіріңіз.

Сәбилер сізді жақсы естиді! Олар сөйлеуге дейін тілді түсіне бастайды.

Егер сіздің балаңыз сөзді әлі түсінбесе де, ол жақсы көру немесе жек көрудің, қуаныш пен мұңның эмоционалды көріністерін жақсы қабылдайды. Бала тыныш болуы үшін сіз эмоцияңызды білдіріп отыруыңыз қажет, яғни оны жақсы көретініңізді, сүйіспеншілікпен қолға алғаныңызды көрсетіңіз.

2. Балаңызбен оны не қызықтыратыны туралы сөйлесіп, ол туралы әңгімелесуге тырысыңыз.

Бала туғаннан бастап онымен диалогты эмоционалды көзқараспен, күлімсіреумен, ым-ишаралармен және қуаныштың нышандарымен бастауға болады, тәрбиеші баланың не істеп жатқаны және оны не қызықтырғаны туралы оң пікір білдірсе, бала қуанышты білдіретін дыбыстармен «жауап береді». Бұл ерте эмоционалды «әңгімелесу» баланың болашақта ересекті жақсы көруі, оның әлеуметтік және сөйлеуінің дамуы үшін маңызды.

Балаңызбен оның қайда қарап тұрғаны туралы сөйлескен кезде бұл оған қоршаған әлем туралы көбірек білуіне көмектеседі. Ол әлі сөйлемесе де, сөздерді және олардың мағынасын түсінуді үйренеді.

3. Балаңызды мадақтаңыз және оның әрекетін мақұлдаңыз.

Баланың өзіне деген сенімділігі мен талпынысы қалыпты дамуы үшін өзгенің оған жеке қадір-қасиеті мен құзыреттілігін сезінуіне мүмкіндік беруі, оның әрекетінің жақсы, дұрыс екенін айтуы және оның жақсы екенін түсіндіруі маңызды. Сонда ғана балада өзіне деген шынайы сенімділік дамиды.

4. Балаға айналасындағы заттарды қабылдауға көмектесіңіз.

Нәрестелер мен бөбек жастағы балаларға зейінін шоғырландыру үшін көмек қажет. Сіз балаға зейінін қоршаған ортадағы заттарға аудару және бағыттау арқылы көмектесе аласыз. Балаңыздың қайда қарап тұрғанына назар аударыңыз. Онымен не көріп тұрғаны туралы сөйлесіңіз (мысалы, ағаштар, аспан, адамдар).

«Мұнда қара...» - деп, балаға таныстырғыңыз келетін затты көрсетіңіз. Немесе баланың назарын аударған затты өзіңіз байқай аласыз. Айналадағы заттарды жалпы қабылдамай тұрып сөйлеу немесе әрекет ету қиын, көбінесе бала басқа әрекетпен, ал ата-анасы басқа әрекетпен айналысып жатады.

Баламен бірге бір затқа назар аудару байланыс пен қарым-қатынастың алғышарты арқылы жүзеге асырылады. Балаға қараңыз, оған күлімсіреңіз, жылы сөйлесіңіз!

5. Баланың қоршаған әлемнен алған әсеріне мән беріңіз, сезімдеріңіз бен эмоцияңызды көрсете отырып, баламен сөйлесіңіз.

Егер сіз бірге бастан өткерген нәрсеге қатысты сезімдеріңізді сипаттайтын, атайтын және көрсететін болсаңыз, онда бұл сезімдерді бала маңызды және мағыналы нәрсе ретінде есте сақтайды. Баланың айналасындағы заттарды жай ғана көруі немесе олармен қандай да бір әрекеттерді жасауы жеткіліксіз. Баланың дамуы үшін ата-аналар мен тәрбиешілердің заттарды сипаттап беруі және эмоцияларын көрсетуі қажет. Бала мағынаға толы өз әлемін жасай алуы үшін оған аудармашы (түсіндіру) қажет.

6. Балаңызбен бірге кез келген нәрсені бастан өткерген кезде оған түсіндіріңіз.

Егер баланың алған әсерін бұрын білгенімен байланыстырсаңыз, бұған қол жеткізесіз, мысалы, «біз барғанда біз де...». «Бала есейген кезде әңгіме айтып беруге, түсініктеме беруге, сұрақтар қоюға, заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуге болады және т.б. Осылайша сіз баланың басынан өткерген «осында және қазір» шекарасынан шығасыз. Мұның бәрі баланың ойлауын дамыту үшін қажет.

7. Балаңызды бағыттау, оң баламаларды көрсету және әрекеттерді бірлесіп жоспарлау арқылы өзін-өзі бақылауға көмектесіңіз.

Балаларға өзін-өзі бақылауды және өз әрекеттерін жоспарлау қабілетін дамытуға көмектесу қажет. Бұл балаға оң бағыт бере отырып, жағдайды түзетіп, оның әрекетін жоспарлауға көмектесетін тәрбиешімен диалог кезінде іске асырылады, ал бала есейген кезде кейбір орындауға болмайтын әрекеттерді түсіндіру керек. Балаға үнемі тыйым салудың және «жоқ» деп айтудың орнына, оған не істеуге болатынын көрсетіп, дұрыс әрекет етуге бағыттау қажет.

Балаңызбен оның айналасындағы заттар (құбылыстар) туралы (мысалы, аспанды көрсетіңіз және «көк аспанға қарашы» деп айтыңыз) немесе өзіңіздің немен айналысып отырғаныңыз туралы (мысалы: «көкөністерді қалай тазалап жатқанымды қарашы») сөйлесіңіз.

Баланы мұқият тыңдау және оның былдыры мен алғашқы айтқан сөздеріне жауап беру бойынша ұсынымдар

Бала өз ойымен немесе әсерлерімен бөліскенде, оны мұқият тыңдаңыз, көзіне қараңыз, сөзін бөлмеңіз және оның сөздеріне жауап беріңіз.

Баланың айтып жатқаны маңызды екеніне мән бере отырып, айтқанын нақтылау үшін сұрақтар қою қажет.

Балаға түсінікті тілде сөйлеу маңызды. Балаңызбен қарапайым және оған түсінікті сөздермен сөйлесіңіз. Егер ол сұхбаттасушының айтқанын түсінбесе, оған «қайталай аласыз ба?», «не айтқыңыз келді?»- деп сұраңыз. Бұл оған ақпаратты оңай қабылдауға және сөздің мағынасын түсінуге көмектеседі.

Вербалды емес қарым-қатынасқа назар аударуды ұмытпаңыз. Мүқият тыңдау тек сөздерді тыңдауды ғана емес, сонымен қатар вербалды емес белгілерді де қамтиды — ым-ишара, қимылдар, мимика, дауыс ырғағы.

Егер бала жай ғана бірдеңе айтуға талпынса да, осы жетістігін мадақтап, қолдаңыз. Бала әлі ойын жеткізе алмаса да, сәл кідірістен кейін оған ойын толық айтуға мүмкіндік беру керек. Бұл тәсіл сөйлеу дағдыларын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар баланың жалпы дамуына ықпал етеді. Егер сіз оны түсінгеніңізге сенімді болсаңыз да, бала үшін айтуға тырыспаңыз.

Отбасында «тілдік дамытушы ортаны» құру бойынша ұсынымдар

Балаңызбен ол өзін еркін және сабырлы сезінетін сәттерде сөйлесіңіз. Егер бала шаршаса немесе көңі-күйі болмаса, әңгімелесуді кейінге қалдырған абзал.

Көрнекі белгілерді қолдануға болады. Өзара қарым-қатынасты белсенді ету үшін заттарды, суреттерді көрсету немесе ойыншықтарды қолдану қажет.

Балалармен бірге жаңа орындарға барыңыз. Саябаққа немесе мұражайға бару талқылау, сөйлесу үшін мүмкіндік береді және сөздік қорды байытады.

Әр бала дара және сөйлеуді дамытудың стандартты кестесі жоқ. Егер алаңдауға себеп болса, мамандардың көмегіне жүгіну қажет.